

Турсумбекова Г. С.
1-ші курс студенті
Ғылыми жетекші
Пірімжарова Р.Х.
«Мемлекеттік және шет ел тілдер»
Кафедрасы АТУ

Мамандық «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда сөйлеу мен жазудың алатын орны

Шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативті қарым- қатынасын қалыптастыру барысында сөйлеу мен жазудың маңызы зор. Мәдениаралық қарым-қатынас барысында шетел тілі мұғалімдері үшін әңгімеге арқау болатын мәліметті жинақтау, жүйелеу, жалпылау және басқа да мәліметтерді пайдалана отырып, өзінің тілдік білімін тексеру мен бірге өзін-өзі бағалау мүмкіндіктері пайда болады. Шетел тілі мұғалімдері жазу іскерліктерінің негізінде өз елінің мәдениетін, адамдардың өмір сүру деңгейін өзге тілдік мәдениетпен ұштастыру мүмкіндігін алады. Шетел тілі мұғалімдерінің жазбаша сөйлеу іскерлігін дамыту барысында жазба жұмысының мақсатқа байланысты құрылуы, мұғалімдер тарапынан теориялық материалдарды меңгере отырып, негізгі қиындықтарды шешуге бағытталуы тиіс. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда жазу мен сөйлеу өте жоғары деңгейдегі мақсаттар мен талаптарға негізделуі қажет. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда жазудың методикалық теориялық негіздері қарастырылады.

Жазба жұмысының ерекшелігі - мәдениаралық коммуникативті қарым-қатынас жасау барысында психо- логиялық және лингвистикалық ерекшеліктер ескерілуге тиіс.

Профессор Е.И. Зимняяның зерттеулеріне сүйенер болсақ, жазу іскерлігі ұғымның интонациялық тұрғыда емес, синтаксистік фразалардың жазбаша тұрғыда жеткізілуі қажет. Сөйлеу іс-әрекетінің негізінде уақыт тапшылығы сезілсе, жазу барысында уақыт тапшылығы сезілмейді. Сөйлеу барысында қолданылаын мимика, қимыл іс-әрекеттері жазу барысында қолданылмайды. Яғни жазу грамматикалық ережелер негізінде жүзеге асады. Жазбаша қарым-қатынастың барлық шартты қызметі арнайы бағытта жүзеге асырылуға тиіс. Жазбаша қарым-қатынас іскерлігі белгілі бір мақсатқа және шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіруге бағытталуы керек. Шетел тілі мұғалімдерінің

жазбаша қарым-қатынасын дамыту барысында әдіс-тәсілдердің құрамы мен ой жүйесінің жинақталуы жазбаша тұрғыда жүзеге асады.

Қазіргі таңда шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда жазба жұмысының продуктивті әдісі сирек қолданылады. Жазба іскерліктерді дамыту кенделеп дамуда. Жазу іскерлігі төмендегідей үш бөлінбес қозғаушы-түрткі, аналитикалық және синтетикалық, атқарушы құрылымның негізінде түсіндіріледі.

1. Қозғаушы түрткі бөлігінде түрткі пайда болады. Яғни ол қажеттілік түрінде көрініс табады. Бұдан шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық қарым-қатынасқа түсу қызығушылығын жазбаша түрде жеткізу, қандай-да бір ақпарат көзімен хабардар ету болып табылады. Сонымен шетел тілі мұғалімдерінің жазу іскерлігінің негізінде логикалық даму құрылымын байқауға болады.

2. Аналитикалық және синтетикалық бөлігі- сөздерді таңдау, мәтінге сәйкес келетін сөйлемнің құрылымын сипаттайтын белгілерге негізделген сөздерді таңдай білу. Пайымдалған зат туралы баяндау, сөйлемді құрастыру барысында оның негізгі ойын жүйелеу болып табылады.

3. Атқарушы бөлігі - графикалық ерекшеліктерді толық меңгере отырып жазба жұмысының продуктивті маңызға ие болуы.

Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыру барысында жазу іскерлігі мұғалімдер тарапынан жоғары жауапкершілікті талап етеді. Яғни жазба белгілері, мазмұны және жазбаша сөйлеу әрекетінің жетілгенін көрсетеді. Шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыруда жазуға үйретуді шешудің жолдары, жазба жұмысының мазмұнын меңгерумен оған жағдай жасаумен тікелей байланысты. Бұл талаптардың құрамына шетел тілі мұғалімдерінің бойында графикалық автоматизмді қалыптастыру, ойша сөйлеу қабілетін дамыту және оны жазба жұмысымен сәйкестендіре отырып өрбіту, білімді және ойды тереңдетуді жүзеге асыру. Сонымен бірге мәдени және интеллектуалды дайындығын жазба жұмысының негізінде дамыту. Шетелтілі мұғалімдерінің жазу іскерлігін дамыту барысында оның шынайы себептерін айқындап, осының барлығы тілдік стиль мен мәтіннің графикалық формасында анықталады. Сонымен жазбаша сөйлеу құрылымын дамытуда шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігі шетел тіліндегі жазбасын өз тәжірибесінен өткізу арқылы жүзеге асыру. Жазуға үйретуді нақтылайтын болсақ ол төмендегі іскерліктердің негізінде дамып, жетіліп отырады. Досыңа хат жазу, резюме жазу, тыңдалған мәтін бойынша мазмұн жазу және шығарма жазу т.б. Қабырға газетін жазу үшін қозғаушы және бағалау сипаттарын қолданған жөн. Хат түрінде жазылған шығарма тілдік типтік стильдерге негізделуі тиіс. Хат жазу барысында ашық райды қолданудың артықшылығы және етістіктің жақты формаларын қолдану, сұрау сөйлемдерінің кеңінен қолданылуы және т.б. Ал резюме, мәтін,

аннотация мен реферат жазу барысында тілдің лингвистикалық және логикалық біліктердің үйлесуі, яғни бұл жағдайда фразеологиялық қиындықтардың болмауы, тек синтаксистік құрылым мен лексикалық бірліктерді кең көлемде қолдану. Шетел тіл мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін жазу әрекеті барысында қалыптастыру синтаксисті құрылымдардың негізінде жүзеге асады.

Қорыта келе айтарымыз, шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық коммуникативті біліктілігін қалыптастыру барысында жазу әрекетін жүзеге асыру төмендегі іскерліктердің негізінде жүзеге асады:

1) жазба іскерлігінің негізінде сөйлем құрай отырып, оны оқылған шетел тілінің моделіне негіздеу қажет;

2) тілдік модельді лексикалық, орфографиялық және грамматикалық нормативтерге сай айқындауға тиіс;

3) өз немесе өзге мәдениеттегі жазбаша қарым- қатынасты жүзеге асыруда типтік, қалыптық тұрғыда сөздерді тандай білу керек;

4) айтылған ойдың айқын нақтыланған сулбасын бейнелейтін жазба жұмысы орындалу қажет;

5) мәтінді жазу барысында тілдік және ұғымдық тұрғыда сәйкестікті табу керек;

6) мәтіннің мазмұнында логикалық үйлесімділік болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке, М, Просвещение ,1987г

2. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению, М.Русский язык, 1989г

3. Пассов Е.И. Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества,Общая методика обучения иностранным языкам. Хрестоматия М.1991г.

4. Гауриева Г.М. Устное общение, Средства и приемы его организации. / Мышление, язык, лингводидактика. Сбор. трудов к 75-летию Н,Г, Курманбаева.Алматы,2000г.

5. Горбенко А.Ф. Методическое творчества преподавателя иностранного языка. Метод пособие для преподавателей, Повлодар: Кайнар, 2000г.

6. Касымов Г..М. Коммуникативная компетенция в обучении иностранному языку. / Мышление, язык, лингводидактика. Сбор. трудов к 75-летию Н.Г. Курманбаева , Алматы, 2000.